



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 1-тоқсандағы төлем балансы туралы (алдын ала нәтижелер)

2020 жылғы 18 мамыр

2020 жылғы 1-тоқсандағы алдын ала бағалау бойынша төлем балансының **ағымдағы шоты** 2019 жылғы 1-тоқсандағы **0,1 млрд АҚШ доллары** дефицитімен салыстырғанда **1,2 млрд АҚШ долларында** оң сальдомен қалыптасты. Сауда балансы профицитінің **6,9 млрд АҚШ долларына** дейін **0,7 млрд АҚШ долларына (11,8%-ға)** ұлғаюы ағымдағы шот жақсаруының негізгі факторы болып табылады.

Тауарлар экспорты **13,9 млрд АҚШ долларына** дейін **4,4%-ға** өсті, бұл жеткізулер санының өсуі есебінен мұнай экспорты құнының ұлғаюына негізделді. Тауарлар импорты **7,0 млрд АҚШ долларына** дейін **2,1%-ға** төмендеді. Импорттың төмендеуі жеке тұлғалардың шекарадан өтуіне тыйым салуды енгізу нәтижесінде шекара маңындағы сауданың қысқаруына негізделді.

Шетелдік тікелей инвесторлардың кірістері 2020 жылғы 1-тоқсанда **4,7 млрд АҚШ долларына** дейін **7,6%-ға** төмендеді.

Қаржы шоты (Ұлттық Банктің резервтік активтерімен операцияларды қоспағанда) бойынша капиталдың таза әкелінуі 2019 жылғы 1-тоқсандағы **3,6 млрд АҚШ долларында** таза әкетілумен салыстырғанда 2020 жылғы 1-тоқсанда **0,7 млрд АҚШ доллары** болды. Әкеліну мемлекеттік сектордың (Үкімет пен Ұлттық Банк) және банктердің операцияларымен қамтамасыз етілді.

Тікелей шетелдік инвестициялар бойынша капиталдың таза әкелінуі 2019 жылғы 1-тоқсандағы 3,0 млрд АҚШ долларынан 2020 жылғы 1-тоқсандағы 2,5 млрд АҚШ долларына дейін 16,6%-ға төмендеді. Капиталдың әкелінуі бейрезиденттердің кірістерін қайта инвестициялаумен және резиденттердің үлестес тұлғалар алдындағы борыштық міндеттемелерінің ұлғаюымен қамтамасыз етілді.

Банктер бойынша **0,4 млрд АҚШ доллары** мөлшеріндегі капиталдың таза әкелінуі олардың шетелдік бағалы қағаздардағы портфелінің қысқаруымен және еурооблигациялар шығарылымы есебінен портфельдік инвестициялардағы міндеттемелерінің өсуімен байланысты.

Басқа секторлар бойынша активтердің **2,7 млрд АҚШ долларына** ұлғаюы олардың міндеттемелері **2,6 млрд АҚШ долларына** өсуін теңестірді, нәтижесінде осы сектор бойынша капиталдың таза әкелінуі **47,1 млн АҚШ долларын** құрады.

Резервтік активтер (ҚР Ұлттық қорының активтерін есептегенде) 2020 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша **29,8 млрд АҚШ доллары** болып бағаланды, бұл қазақстандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтер импортының **7,2** айын қаржыландыру қажеттілігін өтейді.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар арқылы алуға болады:

+7 (727) 2704 591 (3930)

+7 (727) 330 24 52 (1452)

+ 7 (727) 2704 596 (1596)

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz